



Ембі ТЫНЫСЫ

№8 (151)
ТАМЫЗ
2026 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті ембілік мұнайшылар мен ардагерлер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Мұнай және газ кешені қызметкерлерінің күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мереке – ел экономикасының тірегіне айналған мұнай-газ саласында аянбай еңбек етіп жүрген мыңдаған мамандардың кәсіби мерекесі ғана емес, сонымен қатар, қазақ мұнайының даңқты тарихына тағзым ететін ерекше күн.

Еліміздің мұнай өнеркәсібінің негізі қаланған Ембі өңірі талай буын мұнайшының маңдай тері мен қажырлы еңбегінің арқасында Қазақстанның энергетикалық әлеуетін қалыптастыруда айрықша рөл атқарды. Бүгінде осы даңқты жолды жалғастырып келе жатқан еңбек адамдарының кәсібилігі мен жауапкершілігі компанияның тұрақты дамуының кепілі болып отыр.

Биылғы мереке қазақ мұнайының тарихында айрықша орны бар Доссор кен орнының 115 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Бұл – еліміздегі алғашқы мұнай өндірісінің бастауына айналған тарихи белес, қазақ мұнайының қалыптасу жолындағы маңызды кезең.

Мұнайшы мамандығы әрдайым табандылықты, төзімділікті және жоғары жауапкершілікті талап етеді. Кен орындарында, өндірістік нысандарда, бұрғылау алаңдарында, мұнай дайындау және тасымалдау жүйелерінде еңбек етіп жүрген әрбір қызметкердің еңбегі зор құрметке лайық. Сіздердің күнделікті қажырлы жұмыстарыңыздың арқасында өндірістік міндеттер орындалып, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі нығайып, экономиканың тұрақты дамуына үлес қосылуда.

АРДАҚТЫ АРДАГЕРЛЕР!

Сіздер саланың қалыптасуы мен дамуына өлшеусіз үлес қостыңыздар. Кәсіби шеберлік пен еңбекке адалдықтың жарқын үлгісін көрсетіп, кейінгі буынға мол тәжірибе мен өнеге қалдырыңыздар. Бүгінгі жетістіктеріміздің негізінде сіздердің ерен еңбектеріңіз бен маңдай терлеріңіз жатыр. Сол үшін баршаңызға шынайы алғысымызды білдіреміз.

Қазіргі таңда «Ембімұнайгаз» ұжымы өндірісті жаңғырту, цифрлық технологияларды енгізу, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Бұл – өткеннің бай тәжірибесі мен бүгінгі заман талабына сай жаңашылдықтың үйлесімді жалғасы.

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Кәсіби мереке күні сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке және толағай табыс тілейміз. Еңбектеріңіз әрдайым жемісті болып, жаңа жетістіктер мен жарқын бастамаларға жол ашсын. Ғасырдан астам тарихы бар, қазақ мұнайының қарашаңырағы саналатын «Ембімұнайгаздың» даңқты дәстүрлері жалғасып, компаниямыздың мерейі әрдайым үстем болсын!

Құрметпен, «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

ЖОБА

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕЛНҰСҚАСЫН ЕНГІЗУДІ БАСТАДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ кен орындарының цифрлық телнұсқасын енгізу жобасын іске асыруды бастады. Бұл – іс жүзінде кен орнындағы нақты нысандардың дәл цифрлық көшірмесі. Осы мақсатта толыққанды отандық АВАІ ақпараттық жүйесі әзірленді. Бұл – мұнай-газ өндірісіне арналған жасанды интеллект платформасы. Оның мақсаты – КМГ-ның мұнайды барлау және өндіру бағытындағы өндірістік деректерін бір жерге жинау және талдау.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Асхат ХАСЕНОВ Атырауға келген іссапарында «Ембімұнайгаз» АҚ-да (ЕМГ) болып, цифрлық телнұсқасы жобасының енгізілу барысымен танысты.

2»»



МЕТАН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АНЫҚТАУ:

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ-ДА ПИЛОТТЫҚ ЖОБА БАСТАЛДЫ

Бұл – қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қадам ғана емес. Ең бастысы, бұл – «Метанды жоғалтпау» қағидатына негізделген жаңа өндірістік мәдениетті қалыптастыруға бастайтын жол.

4»»

ЖҮРЕКТЕГІ ЖЫЛУ

Өзгеге қуаныш сыйлау – кең жүректі жанның ісі. Әдетте дәл бұндай тірлік көрсек, біз осылай сипаттаймыз. Ал, баланы бауырына басып, ата-аналық мейірімін төгетін жандар жайлы қалай дерміз сонда? Сірә, бұл кең жүректегі жылуды ғана емес, ерлікті де көрсетсе керек. Отбасы күніне орай осындай ісімен үлгі болған әріптесіміз туралы жаздық.

6»»

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ТАРИХ

Жетпіс жыл – тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен, өндіріс үшін тұтас бір дәуір. Бірнеше буын мұнайшының кәсіби мектебіне айналған кеніштің даңқты жолын жаңа буын мамандары жалғастырып келеді.

7»»

■ САН-ДЕРЕК

БИЫЛҒЫ ЖАРТЫЖЫЛДЫҚТАҒЫ ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕР

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы, 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы өндірістік нәтижелерін жариялайды.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 2026 жылдың бірінші жартыжылдығындағы негізгі өндірістік көрсеткіштер:

Мұнай және газ конденсатын өндіру өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі 13 043 мың тоннамен салыстырғанда төмендеп 12 437 мың тоннаны құрады;

Мұнай тасымалдау көлемі 4,0% ұлғайып, 43 280 мың тоннаны құрады;

Қазақстандық және Румынияның МӨЗ-де көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу көлемі өткен жылдың ұқсас кезеңіндегі 10 375 мың тоннамен салыстырғанда, 10 215 мың тоннаны құрады.

	2026ж. 6 ай (ҚМГ үлесі)	2025ж. 6 ай (ҚМГ үлесі)	%
Өндіру:			
Мұнай және конденсат, мың тонна	12 437	13 043	-4,6%
Газ, млн м3	5 457	5 726	-4,7%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	43 280	41 616	+4,0%
Мұнай өңдеу, мың тонна	10 215	10 375	-1,5%
Қазақстандық МӨЗ-да жеңіл мұнай өнімдерін шығару, %	78,8%	76,6%	+2,2%

КОМІРСУТЕК ШИКІЗАТЫН ӨНДІРУ

ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында 4,6% төмендеп, 12 437 мың тоннаны (тәулігіне 522 мың барр.) құрады, бұл 2025 жылғы осындай көрсеткішпен салыстырғанда 4,6%-ға төмендеген. Ілеспе және табиғи газды өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 4,7%, яғни 5 457 млн м³ дейін азайды.

Мұнай және газ конденсатын өндіру, мың тонна	2026ж. 6 ай (ҚМГ үлесі)	2025ж. 6 ай (ҚМГ үлесі)	%
«Өзенмұнайгаз» АҚ	2 499	2 528	-1,1%
«Ембімұнайгаз» АҚ	1 476	1 376	+7,3%
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	1 506	1 521	-1,0%
Басқа операциялық активтер	1 616	1 636	-1,2%
Басқа операциялық активтер	7 097	7 061	+0,5%
«Теңізшевройл» ЖШС (Теңіз)	3 321	3 892	-14,7%
Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. (Кашаған)	1 520	1 517	+0,2%
Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В. (Қарашығанақ)	499	573	-12,9%
Мегажобалар жиыны	5 340	5 982	-10,7%
Барлығы	12 437	13 043	-4,6%

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕРДЕГІ ӨНДІРУ

«Өзенмұнайгаз» АҚ мұнай өндіру 2 499 мың тоннаны құрады, газ өндіру 4,8% артып, 312 млн м³ құрады. Мұнай өндіру көлемінің шамалы төмендеуіне электрмен жабдықтаудың жүйелі түрде шектелуі себеп болды, мұның салдарынан өндіруші ұңғымалар мен технологиялық жабдықтар мәжбүрлі түрде тоқтатылады, сондай-ақ ұңғымалар қорын сауықтыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен, кен орнында ұңғымалар қорын сауықтыру бойынша ұйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар кешені іске асырылуда. Есепті кезеңде 1 853 ұңғымаға ішкі жабыны бар сорғы-компрессорлық құбырлар енгізілді, 481 ұңғымаға электрлі ортадан тепкіш сорғылар орнатылды, 1 259 ұңғымаға EXPE штангалары енгізілді. Бұл іс-шаралар жөндеуаралық кезеңді ұзартуға, жер асты жөндеулерінің санын азайтуға және жер асты жабдықтары жұмысының сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді, бұл болашақта өндіру көлеміне оң әсерін тигізеді. «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай және газ өндіру көлемі 7,3% өсіп, 1 476 мың тоннаны құрады, ал газ өндіру көлемі 67,2% өсіп, 179 млн м³ құрады. «Ембімұнайгаз» АҚ-да газ өндірудің оң динамикасы 2025 жылы Батыс Прорва кен орнында жобалық қуаты жылына 200 млн м³ газға дейін болатын алғашқы іске қосу кешенін пайдалануға берумен байланысты. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да мұнай өндіру 1 506 мың тоннаны құрады, газ өндіру 225 млн м³ құрады, бұл 2025 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысымен салыстырмалы.

Табиғи қорлардың азаюына байланысты Казгермұнай және PetroKazakhstan Inc. компанияларына тиесілі жетілген кен орындарында мұнай өндірісі басқа операциялық активтердің бөлігі ретінде төмендеуді жалғастырды. Газ өндірісі 4,6%-ға өсіп, 593 миллион текше метрге жетті. Газ өндірісінің бұл өсуі Орал Ойл энд Газ компаниясының 1-кезеңі үшін жобаланған жабдыққа көшуге байланысты болды.

Қысқартылған. Толық нұсқа: <https://www.kmg.kz/press-center/press-releases/pr-06-2026/>

■ ЖОБА



«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТЕЛНҰҚАСЫН ЕНГІЗУДІ БАСТАДЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Пилоттық жобаны жүзеге асыру «Ембімұнайгаз» АҚ-да басталып отыр. Себебі, ЕМГ 2015 жылдан бері цифрландыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Тәжірибесі бар. Цифрлық телнұсқа жобасын өндіріске енгізуде Компанияға қарасты Шығыс Молдабек кен

ұңғымалардың цифрлық рейтингі 2.0» және «Су айдауды басқару 2.0» шешімдерін пайдалана бастады. Аталған шешімдер кен орнын игерудің әртүрлі нұсқаларын модельдеуге, көпнұсқалы есептеулер жүргізуге және өндірістік деректер негізінде оңтайлы инженерлік шешімдерді таңдауға мүмкіндік береді.

телнұсқаға құрылыс, бұрғылау және ұңғымаішілік жұмыстармен қатар, жерүсті инфрақұрылымын интеграциялау арқылы одан әрі дамыту жоспарланып отыр. Бұл ұңғыманы басқарудың бірыңғай цифрлық процесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Пилоттық жобаны іске асыру нәтижесінде Шығыс Молдабек кен орнында жылына шама-



орны таңдалды. Бұл кен алаңының автоматтандыру жүйесі жақсы жетілген, технологиялық процестерді басқарудың жүйесі дамыған. Өндірістік потенциалы жоғары. Кен алаңының алынатын қор мөлшері мол, әлі де толық ашылмаған ресурстар бар. Аталмыш жобаның аясында оңтайлы инженерлік шешімдерді қолдана отырып, мұнай өндіру тиімділігін арттыра аламыз.

Жоба аясында ЕМГ базасында Интеграцияланған операциялар орталығы (ИОБ) іске қосылды. Орталық «қабат – ұңғыма – жерүсті инфрақұрылымы» тізбегі бойынша деректерді интеграциялауды қамтамасыз етеді. Пилоттық жобаның қазіргі кезеңінде АВАІ жүйесінің «Жаңа

Пилоттық жобаның маңызды нәтижелерінің бірі – игеру нысандарының бірінде 700-ге жуық сценарийлік есептеу жүргізілді. Бұған дейін мұндай көлемдегі есептеулерді орындауға 38 күннен астам уақыт кетсе, цифрлық шешімдерді қолдану нәтижесінде бұл көрсеткіш 6 күнге дейін қысқартылды.

Кен орнын игерудің оңтайлы нұсқасы анықталды. Атап айтқанда, алты көлбеу бағытталған ұңғыманың орнына екі көлденең ұңғыма бұрғылау ұсынылды. Бұл бұрғылауда жұмсалатын күрделі шығындарды айтарлықтай оңтайландыруға мүмкіндіктер береді. Қосымша мұнай өндіруге жол ашады.

Алдағы кезеңде цифрлық

мен 100 мың тонна қосымша мұнай өндіріледі деп күтілуде. Сонымен қатар, мұнай беру коэффициентін 22%-ға дейін, ал ұңғымалардың жөндеуаралық кезеңін 700 тәулікке дейін ұзарту жоспарлануда.

Жалпы, цифрлық телнұсқа жобасын «ҚазМұнайГаздың» мұнай өндіру көлемінің 90%-дан астамын қамтамасыз ететін 12 ірі кен орнына енгізу жоспарланған.

КМГ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов «Ембімұнайгаз» АҚ-да болған сапарында цифрлық телнұсқа жобасымен танысудан басқа, ЕМГ-нің жыл басынан бергі жеті айлық өндірістік және қаржылық көрсеткіштерімен де танысып, алдағы жұмыс жоспарларын пысықтады. **ЕТ**

OILEADERS

ҮЗДІК ИДЕЯЛАР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР АЛАҢЫ

Астанада ҚазМұнайГаздың жастар форумы өтті

Іс-шараға ұлттық компания іске қосқан OiLeaders бағдарламасы аясында іріктеуден өткен 200 жас маман қатысты.

белсенділігі мен практикалық дәрістердегі нәтижелері бағаланды. Форум қорытындысы бойынша үздік 100 маман ҚазМұнайГаздың жас көшбасшылары қатарына

қатарында «Ембімұнайэнерго» басқармасының «Прорва» аудандық электр торабының сынау және баптау жөніндегі инженері Асылжан Бисенов

Форумда сөз сөйлеген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов бүгінде ҚМГ компаниялар тобында 15 мыңнан астам жас маман еңбек етіп жатқанын атап өтті. Компания жұмысшы мамандықтар мен заманауи дағдыларды меңгеруге баса назар аударып отырып, кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін дамытуды жалғастырып келеді.

— Жақында іске қосылған OiLeaders бағдарламасы жаңа идеялар ұсынуға және өз еңбегімен саланың дамуына үлес қосуға қабілетті мұнай-газ секторындағы көшбасшылардың жаңа буынын даярлауға бағытталған. Мемлекет басшысы жариялаған Цифрландыру және жасанды интеллект жылында жаңа технологиялар ерекше маңызға ие. Сіздер осы күндері жасанды интеллект, коммуникация, көшбасшылық және зияткерлік әлеуетті дамыту бойынша тренингтерден өтетін боласыздар. Жинаған білімдеріңізді алдағы жұмыстарыңызда қолданаңыздар деп сенемін, — деді ҚМГ басшысы.

Сондай-ақ Vibe Coding және ЖИ-агенттерді әзірлеу бойынша оқулар өтті. Екі күн бойы қатысушылардың



еніп, оқу процесін жалғастыру мүмкіндігіне ие болды.

— Жалпы OiLeaders бағдарламасына қатысуға 435 адам өтінім берді. Бұл — жастарымыздың дамуға, жаңа идеялар ұсынуға және көшбасшылық қасиеттерін жетілдіруге деген ұмтылысының айқын көрінісі, — деп түйіндеді ҚМГ басшысы.

Айта кетейік, аталған форумға 20 ембілік жас маман қатысты. Олардың

те болды. Ембілік маманның әріптестерімен бірге жасаған робот машинасы көптің қызығушылығын тудырды.

«Бұл форум біз үшін үлкен мүмкіндіктер алаңына айналды. Бірнеше компаниялардан жиналған жастардың арасында атымыз аталып, Ұлттық Компания басшылығы біздің жобамызға қызығушылық білдірді. Осы іс-шараға қатысуымызға мүмкіндік берген, жалпы, жас маман ретінде



қолдау, дамыту бағытындағы көптеген бастамаларды жүзеге асырып отырған компаниямыз — «Ембімұнайгазға» алғысымыз зор.

Ал, Argus2 роботын әріптестерім, релелік қорғау автоматика және метрология бөлімшесінің 3-дәрежелі сынау және өлшеу электромонтері Алмаз Қалірбек және «Прорва» аудандық электр торабының 3-дәрежелі электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электр монтері Думан Балдыровпен бірлесіп жасадық.

Жалпы, біз осы жоба бойынша біраз уақыттан бері жұмыстанып келеміз. Өткен жылдың желтоқсан айында «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобында «Жұмысшы мамандықтар жылының» жабылуына арналған конференция өткен еді. Осы алаңда Samruk Business Academy ұйымдастырған Qadam Hub жастар чөлмендінің қорытындылары шықты. Ұсынылған 22 жоба қатарында ауыр жүктерді тасымалдауға арналған автономды ARCUS-1 электрлі роботымыз болды. Процестерді автоматтандыруға, өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыруға және инфрақұрылымның

сенімділігін күшейтуге бағытталған бастамаларды сараптаған қазылар алқасының шешімі бойынша 7 үздіктің қатарына ендік. Биыл осы бастаманы жетілдіріп, жаңаша прототип — Argus2-ні жасақтадық» дейді Асылжан Бисенов.

Қашықтан басқарылатын робот-машина өндіріс жұмыстарында жүк тасымалдауға, бақылау және барлау жүргізуге, сондай-ақ, қауіпті жағдайларда түрлі міндеттерді орындау үшін қолдануға арналған. Ембілік мамандар алдағы уақытта конструкцияның мүмкіндіктерін одан әрі кеңейтіп, сынақтан өткізуді жоспарлап отыр.

Форум аясында жастар саясатын дамытуға қосқан үлесі үшін бір топ қатысушыларға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Алғыс хаты табысталды. «Ембімұнайгаз» АҚ «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы, кадрлар жөніндегі жетекші инженер Жанбақыт Дәуітов және «Жайықмұнайгаз» басқармасының өндірістік-техникалық бөлімінің инженері Дастан Әділбекұлы осы санатта марапатталды. **ЕТ**

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

Электронды наряд-рұқсат: рәсімдеу 1-3 күннен 1-3 сағатқа қысқарды

«Ембімұнайгаз» АҚ-да 2024 жылдан бастап, қауіптілігі жоғары жұмыстарға арналған наряд-рұқсаттарды электронды түрде рәсімдеу жүйесі енгізілді. Платформа электрлік, отпен орындалатын, жүк көтеру, газ қауіпі бар, жердегі жасалатын, жөндеу және биіктіктегі жұмыстар орындалатын барлық өндірістік учаскелерде қолданысқа ие. Наряд-рұқсаттарды рәсімдеу, келісу және бақылау процесі толықтай цифрландырылған.

Мамандар құжатты жүйеде рәсімдеп, орындалатын жұмыс түрін тандайды, қауіпсіздік шараларын белгілейді және құжатты келісу мен бекітуге жолдайды. Кол қою дербес ком-

пьютер, ал, өндірістік нысандарда жүргенде ұялы құрылғы арқылы смарт-карта немесе eGov Mobile қосымшасының көмегімен жүзеге



асырылады. Наряд-рұқсатты рәсімдеу мен келісудің барлық кезеңдері онлайн режимде бақыланады.

Цифрландыру басталғалы бері 30 000 наряд-рұқсат рәсімделіп, электрлік жұмыстарға 48 000 өкім берілді. Бұл ретте 8 000 адам-сағат үнемделіп, қызметтік сапарларға байланысты 82 000 шақырымнан астам жол қысқарды.

Электронды форматқа көшу нәтижесінде наряд-рұқсаттарды рәсімдеу уақыты 1-3 күннен 1-3 сағатқа дейін қысқарды. Электр техникалық жұмыстарға өкім беру 2 есеге жылдамдап, кен орындары мен мұнай-газ өндіру басқармалары (МГӨБ)

арасындағы жұмыс сапарларының саны азайды. Бұған қоса, құжаттарды өзгертуге немесе наряд-рұқсаттарды өткен күнмен рәсімдеуге жол берілмейді. Сараптамалық мониторинг жүргізу арқылы процесс толық бақылауға алынған.

Жүйені өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары мен мамандары, соның ішінде цех бастықтары, шеберлер, механиктер, мердігер ұйымдардың қызметкерлері және бригада мүшелері белсенді пайдалануда.

Цифрландыру процестің ашықтығын қамтамасыз етіп, қауіпсіздікті бақылауды күшейтті, сондай-ақ, адам факторының әсерін азайтып, тәртіпті арттырды. **ЕТ**

LDAR

«Ембімұнайгаз» АҚ-да (Компания/ЕМГ) метан шығарындыларын анықтау және жоюға бағытталған Advanced Leak Detection and Repair (LDAR) жетілдірілген бағдарламасын енгізу мәселесіне арналған кеңейтілген жиын өтті. Компания Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Абат Құтжановтың төрағалығымен өткен басқосуға тиісті Министрлік өкілдері мен ҚМГ-нің жауапты мамандары, ЕМГ өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінің басшылығымен қатар, жобаға атсалысатын бизнес-серіктестер, жергілікті орган, Ғылыми қоғамдастық, қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жиында метан шығарындыларын заманауи технологиялар арқылы анықтау, олардың көлемін нақты өлшеу және анықталған ақауларды жедел жою тетіктері таныстырылды.



шығарындыларын анықтау тәсілін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Бұған дейін ақаулар көбіне жабдықтарды жоспарлы қарап-тексеру барысында анықталса, енді арнайы технологиялардың көмегімен көзге көрінбейтін шығарындыларды да мақсатты түрде іздеу мүмкіндігі артады.

Мұның өндіріс үшін бірнеше артықшылығы бар. Біріншіден, метан шығарындыларының көздері ертерек анықталады. Екіншіден, ақауларды жою мерзімі қысқарады. Үшіншіден, жабдықтардың техникалық жағдайын бақылау жақсарып, олардың пайдалану сенімділігі артады.

Сонымен бірге мұндай жүйе «ҚазМұнайГаз» тобы

МЕТАН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АНЫҚТАУ: «Ембімұнайгаз» АҚ-да пилоттық жоба басталды

Пилоттық жобаны жүзеге асыруға швейцариялық VEMA S.A. (VEMA Carbon) компаниясы тартылған. Компанияның парниктік газдар шығарындыларын қысқарту, энергия тиімділігі және экологиялық жобаларды іске асыру саласында 30 жылға жуық тәжірибесі бар. VEMA Carbon табиғи газ өндіру және тасымалдау саласындағы шығарындыларды азайту жобаларын да жүзеге асырып келеді. Компанияның тәжірибесі Қазақстанмен қатар Орталық Азия, Еуропа және басқа да елдерді қамтиды.

Бұл жоба ҚМГ тобының метан шығарындыларын есепке алу мен қысқартуды жетілдіру, сондай-ақ, экологиялық ашықтықты арттыру жөніндегі жүйелі жұмысының



кәсіпорындарының халықаралық талаптарға бейімделуіне мүмкіндік береді. ҚМГ-ның өз есебінде метанды өлшеу нақандарын жүргізу, LDAR бағдарламасын енгізу, жыл сайынғы есептілік және спутниктік мониторинг компанияның метан менеджментінің негізгі элементтері ретінде көрсетілген.

МЕТАНДЫ ЖОҒАЛТПАУ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ МІНДЕТ

Метан шығарындыларын азайту мәселесіне тек экологиялық тұрғыдан қарау жеткіліксіз. Мұнай-газ өндірісінде метан – атмосфераға тарайтын парниктік газ ғана емес, экономикалық құны бар өнім.

Сондықтан, «метан шығарындыларын азайту» мақсатын «метанды жоғалтпау» деген өндірістік ұстаныммен толықтырған жөн. Өйткені атмосфераға тараған әрбір текше метр газ қоршаған ортаға қосымша жүктеме түсіріп қана қоймай, кәсіпорын үшін жоғалған ресурс болып есептеледі. Осы тұрғыдан алғанда, метанмен күрес бағдарламасы бір мезетте үш маңызды міндетті – экология, экономика және өндірістік қауіпсіздікті тоғыстырады.

НӘТИЖЕ НАҚТЫ ШИФРМЕН БАҒАЛАНУЫ ТИІС

«Ембімұнайгаз» басталған пилоттық жобаның тиімділігі сонда, ЕМГ-нің өндіріс алаңдарының жұмысы заманауи деңгейге келтіріледі, жаңа қондырғылармен қамтылады, сонымен қатар, ембілік мамандар жаңалыққа бейімделіп, арнайы оқу бағдарламасынан өтеді. Бұл пилоттық жоба кейіннен ҚМГ-ның еншілес мекемелеріне таратылады.

Қанша шығарындылар анықталды? Олардың жалпы көлемі қанша? Қанша ақау жойылды? Жөндеуден кейін қанша метанның атмосфераға таралуына жол берілмеді? Ал жоғалуының алынған газдың экономикалық құны қанша?

Бұл сұрақтарға нақты шифрмен жауап берілген жағдайда, LDAR бағдарламасы жай ғана экологиялық бастама емес, кәсіпорынның өндірістік тиімділігін арттырудың нақты құралына айналады. Сондықтан да, «Ембімұнайгаз» басталған пилоттық жобаны бір реттік тексеру ретінде емес, тұрақты мониторинг, нақты өлшеу, жедел жөндеу және нәтижені қайта бақылауға негізделген жүйелі бағдарлама ретінде қарастыру маңызды.

Бұл – қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қадам ғана емес. Ең бастысы, бұл – «Метанды жоғалтпау» қағидатына негізделген жаңа өндірістік мәдениетті қалыптастыруға бастайтын жол. **ET**



алғашқысы болып табылады.

КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ АНЫҚТАУ

Метан – атмосфераға әсері жоғары парниктік газдардың бірі. Мұнай-газ өндірісінде оның шығарындылары технологиялық жабдықтардың әртүрлі элементтерінен байқалмай таралуы мүмкін. Клапандар, арматуралар, фланецтер мен қосылыстардағы ақаулар, құбыр жүйелері және басқа да технологиялық тораптар уақыт өте келе шығарындылардың жылыстауларына себеп болуы ықтимал. Осыған байланысты «Ембімұнайгаз» басталған пилоттық жобаның негізгі мақсаты – мұндай шығарындыларды тек жоспарлы техникалық қарап-тексеру кезінде анықтаумен шектелмей, арнайы технологиялардың көмегімен жүйелі түрде іздеу және жедел жою.

Жобаның алғашқы кезеңінде кәсіпорынның өндірістік нысандарына кешенді тексеру жүргізіледі. Бұл ретте көзге көрінбейтін шығарындыларды анықтауға мүмкіндік беретін инфрақызыл OGI-камералар және басқа да заманауи өлшеу құралдары пайдаланылады.

Анықталған әрбір шығарындылар көзі тіркеліп, оның көлемі өлшенеді және бірыңғай электрондық деректер базасына енгізіледі. Мұндай мәліметтер кәсіпорындағы метан шығарындыларының бастапқы деңгейін анықтап, негізгі проблемалық учаскелерді айқындауға мүмкіндік береді. Одан кейін анықталған ақауларды жою бойынша жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жөндеу аяқталған соң әрбір нүкте қайта тексеріліп, шығарындылардың жойылғаны техникалық тұрғыдан расталады.

Яғни, бағдарламадағы негізгі қағида қарапайым: анықтау – өлшеу – жөндеу – қайта тексеру.

ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАР ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛАДЫ

LDAR бағдарламасы мұнай мен газды өндіру, дайындау және тасымалдауға қатысатын негізгі өндірістік нысандарды қамтиды. Олардың қатарында ұңғымалардың жұмыстары, мұнай және газ дайындау қондырғылары, газ-компрессорлық және өлшеу станциялары, сондай-ақ, басқа да өндірістік инфрақұрылым нысандары бар. Негізгі назар метан

шығарындыларының пайда болу ықтималдығы жоғары жабдықтар мен технологиялық тораптарға аудартылады.

Жобаның келесі кезеңдерінде өндірістік нысандарды тұрақты мониторингтеу, жоспарлы қайта тексерулер жүргізу және жаңадан анықталған шығарындыларды жедел жою көзделеді. Бұл тәсіл метан шығарындыларын бір реттік тексеру арқылы емес, тұрақты бақылау жүйесі арқылы басқаруға мүмкіндік береді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ СҮЙЕНГЕН ЖОБА

Жобаның тағы бір ерекшелігі – оның халықаралық тәжірибеге негізделуінде.

VEMA Carbon компаниясының ашық деректеріне сәйкес, компания 30 жыл ішінде климаттық және экологиялық жобаларды жүзеге асыру бойынша тәжірибе жинақтаған. Оның жобаларының қатарында табиғи газ өндіру және тасымалдау жүйелеріндегі метан шығарындыларын қысқартуға бағытталған жұмыстар бар.

Компанияның Орталық Азиядағы тәжірибесі де бар. Мәселен, VEMA

Carbon Өзбекстанда Uzbekneftegaz және Sanoat Energetika Guruhi (SANEG) компанияларымен метан шығарындыларын азайту жобаларына қатысқан. Бұл жобаларда шығарындыларды анықтау және жоюмен қатар, факелдік газды және резервуарлардан шығатын буларды көдеге жарату бағыттары да қарастырылған.

2025 жылы Ашхабадта өткен халықаралық мұнай-газ форумында VEMA Carbon өкілдері World Bank өкілдерімен және Uzbekneftegaz басшылығымен кездесулер өткізген. Сондай-ақ Halliburton, Jereh, Leistritz және SOCAR компанияларымен ынтымақтастық жөнінде алдын ала келісімдер болғаны компанияның өз ақпаратында көрсетілген.

Бұл деректер швейцариялық компанияның метан шығарындыларын азайту бағытындағы жұмысы тек бір елмен немесе бір жобамен шектелмейтінін көрсетеді.

ЖОСПАРЛЫ БАҚЫЛАУДАН ЖҮЙЕЛІ МОНИТОРИНГКЕ

LDAR бағдарламасының енгізілуі «Ембімұнайгаз» метан

РАЗВИТИЕ

В АО «Эмбаунайгаз» второй год подряд успешно реализован проект «Асыл жүздік», направленный на укрепление корпоративной культуры. Его участниками стали сто работников производственных структурных подразделений компании. Все они были приглашены благодаря своему профессионализму, добросовестному труду и высоким производственным результатам. В течение дня участники прошли путь, символично отраженный в девизе проекта: «От личного мастерства – к сильной команде».

Программа мероприятия была построена по принципу трех этапов – «Я», «Мы» и «Единое целое». Открывая мероприятие, заместитель генерального директора по кадровым и социальным вопросам АО «Эмбаунайгаз» Кайрат Абенев подчеркнул особую значимость проекта:

– Создание возможностей для личного развития каждого участника. Профессиональный рост, раскрытие лидерских качеств, обмен опытом и развитие на-

Асыл жүздік:

ОТ ЛИЧНОГО МАСТЕРСТВА – К СИЛЬНОЙ КОМАНДЕ



ков командной работы укрепляют не только самого сотрудника, но и компанию в целом. А это напрямую способствует достижению высоких производственных показателей.

В первой части проекта, который прошел под эгидой «Я. Личное мастерство» выступил общественный деятель Айдын Избасар. Он известен как автор тренингов в области трансформации сознания на основе традиционного мировоззрения и духовных ценностей

казахского народа. Вот и на этот раз он рассказал о традиции «Асар» как основе взаимопомощи, доверия и корпоративной культуры.

Дневная программа, прошедшая под лозунгом «Мы. Команда», продолжилась корпоративным чемпионатом «Асыл жүздік – 2026». Участники были разделены на десять команд и соревновались в интеллектуальных и спортивных испытаниях. Им предстояло проявить эрудицию, стратегическое

мышление, скорость принятия решений, лидерские качества и, самое главное, умение работать сообща. Все задания были направлены на укрепление командного взаимодействия и взаимного доверия между коллегами.

На завершающем этапе проекта – «Единое целое. Мощная команда», каждая команда представила свою творческую программу. Этот конкурс не оценивался по количеству баллов, поскольку его главной задачей

было показать, что настоящий командный дух рождается не только в соревновании, но и в совместном творчестве, искреннем общении и взаимной поддержке.

По итогам чемпионата были определены три лучшие команды, которым вручили памятные призы. Первое место завоевала команда «Кайрат», на втором – «Қыран», на третьем – «Жігер». Кроме того, сами участники выбрали в каждой команде человека, внесшего наибольший вклад в общую работу. Эти десять сотрудников также были отмечены специальными наградами. Финальным аккордом мероприятия стало совместное исполнение общего гимна всеми участниками проекта, ставшее символом единства, сплоченности и общей ответственности за будущее компании.

Проект «Асыл жүздік» вновь подтвердил, что главная сила АО «Эмбаунайгаз» – это его люди. Именно благодаря профессионализму, ответственности и преданности своему делу работников предприятие продолжает успешно развиваться, сохраняя лучшие производственные традиции и формируя современную корпоративную культуру. **ЕТ**

БІЛІМ

АЛГОРИТМНЕН – НӘТИЖЕГЕ Ембілік жастар үшін ЖИ тақырыбында семинар ұйымдастырылды

Жасанды интеллект (ЖИ) – қазіргі уақытта өмірдің ажырамас бір бөлігіне айналған заманауи құрал. Ел Президентінің бастамасымен биыл Цифрландыру және жасанды интеллект жылы болып жариялануына орай, саланы дамыту бағытында ел көлемінде көптеген жұмыстар жүзеге асуда.

Атаулы жыл аясында «Ембімұнайгаз» АҚ-ы жас мамандарға арнап ұйымдастырған ЖИ тақырыбындағы базалық семинар – сол іс-шаралардың бірі.

Марсель АККУШИМОВ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ мұнай-газ өндіру операторы:

– ЖИ-дің өндірістегі нақты мүмкіндіктері туралы айтылған мысалдар маған ерекше қызық болды. Бұрын ЖИ-ді ақпарат іздеуге немесе мәтін жазуға арналған құрал ретінде қабылдайтынмын. Енді оның өндірістік процестерді талдауға, шешім қабылдау жылдамдығын арттыруға және еңбек қауіпсіздігін күшейтуге де үлкен үлес қоса алатынын түсіндім.

Мен мұнай-газ саласында оператор болып жұмыс істеймін. Сондықтан ЖИ ұңғымалардың жұмысын бақылауда, өндірістік көрсеткіштерді талдауда, жабдықтардың ақауларын алдын ала болжауда және төтенше жағдайлардың алдын алуда тиімді қолдануға болатынын анық байқадым. Бұл тек уақытты үнемдеп қана қоймай, өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ал, квиз тек білімді тексеріп қана қоймай, командалық жұмысты, жылдам ойлауды және жаңа ақпаратты есте сақтауды дамытуға ықпал етті.

Жалпы, бұл семинар маған ЖИ-ді күнделікті жұмысымда қолдану мүмкіндіктеріне жаңа көзқараспен қарауға себеп болды. Болашақта ЖИ әрбір маманның сенімді көмекшісіне айналып, өндірістегі тиімділік пен қауіпсіздікті жаңа деңгейге көтереді деп сенемін.



Ембілік жастардың зор қызығушылығын тудырған басқосуға Компанияның басқару аппараты мен барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерінен 60 маман қатысты. Ашылуына қатысқан «Ембімұнайгаз» АҚ Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық Калидуллин ЖИ дамыту – Компания приоритеттерінің қатарында екенін атап өтіп, жастардың жаңашылдыққа бейімделуі жолында осындай оқу дәрістерінің әсері мол боларына тоқталды.

Семинарда салалық медиа орталықтың тренеры Ару Ғаділбек слайдтар арқылы лекция өткізумен қатар, меңгерілген білімді нақты жүктемелерді орындау арқылы пысықтау әдісін ұстанды. Ембілік жастар арнайы ашылған теле-

грам арнасындағы қосымша материалдарды меңгеріп, жедел тапсырмаларды да орындады.

Бір көмекші – мың мүмкіндік. Расында да жұмыс процесін жеңілдету, ауқымын кеңейту мақсатында ЖИ көмекке келе алады. Мәселен, кең қолданыстағы Chat GPT – білімді молайту, жұмысты жеңілдету, шығармашылық идеяларды жүзеге асыру, бизнесті дамыту, тіпті күнделікті өмірде уақытты дұрыс жоспарлау үшін таптырмас қосымша. Ал, нақты нәтижеге жету үшін нені білу керек, сапалы промптты қалай жазған жөн? Қатысушылар осы бағытта мәліметтерді игерді. Бұған қоса, ЖИ көмегімен «Ембімұнайгаз тарихы» тақырыбында кинематографиялық қысқа бейнеролик жасау туралы тапсырма берілді. Үй тапсырмасы ретінде берілген бұл жұмыс



Айнагүл ТОҒАЙБАЕВА, «Кайнармұнайгаз» МГӨБ химиялық талдау лаборанты:

– Семинардан көп жаңа ақпарат алдым. Бұған дейін ЖИ туралы білгеніммен, оны практикада қолданып, бейнеролик жасау процесін өзім орындау мен үшін қызықты тәжірибе болды. Әсіресе, дұрыс промпт жазудың нәтиженің сапасына тікелей әсер ететінін түсіндім.

Зертханада химиялық талдау саласында жұмыс істейтін маман ретінде жасанды интеллекттің өндірісте үлкен мүмкіндіктері бар екенін байқадым. Ол ақпаратты іздеуді жеңілдетуге, құжаттармен жұмысты жылдамдатуға, деректерді талдауға және уақытты тиімді пайдалануға көмектесе алады. Болашақта мұндай техно-

логиялар өндірістегі көптеген процестердің ажырамас бөлігіне айналады деп ойлаймын.

Семинардың тек теориямен шектелмей, практикалық тапсырмалармен өткендігі ұнады. Ал Emba Synergy квизи қатысушылардың білімін сынап қана қоймай, әріптестер арасында жақсы атмосфера қалыптастырды. Жалпы, іс-шара жаңа білім алып, ЖИ-ге деген қызығушылығымды арттырды. Ерекше әсер қалдырғаны – жаңа технологияларды меңгерумен қатар, әріптестеріммен тәжірибе алмасып, бір команда ретінде байланысымызды нығайтуға мүмкіндік алғанымыз. Осындай іс-шаралар жастардың кәсіби дамуына, заманауи технологияларды меңгеруіне және цифрлық дағдыларын жетілдіруіне үлкен үлес қосады.

соңында анықталған үздік 10 қатысушыға PRO контент жеке шеберлік сабағына тегін жолдама беріледі.

Қатысушылар семинар соңында «AI START: жасанды интеллектке алғашқы қадам» базалық курсын толық меңгеріп, ЖИ құралдарын тиімді пайдалану, промпт құрастыру негіздері және күнделікті жұмыс барысында AI технологияларын қолдану дағдыларын игергені жөнінде арнайы

сертификатқа ие болды.

Іс-шараның екінші бөлімі Emba Synergy зияткерлік ойынына жалғасты. QUIZ қорытындысы бойынша «Миконьың қасқырлары» командасы 1 орын, «Белоснежка и 8 гномов» командасы 2 орын, «Цунбиятрм» командасы 3 орын иеленді. Ал, өзге қатысушылар: «Ұлы дала мұнайшылары», Emba Team және QAZ GPT командаларына ынталандыру сыйлықтары табысталды. **ЕТ**

ҰЛАҒАТ

Өзгеге қуаныш сыйлау – кең жүректі жанның ісі. Әдетте дәл бұндай тірлік көрсек, біз осылай сипаттаймыз. Ал, баланы бауырына басып, ата-аналық мейірімін төгетін жандар жайлы қалай дерміз сонда? Сірә, бұл кең жүректегі жылуды ғана емес, ерлікті де көрсетсе керек.

Өмір адамға алдын-ала ескертпей-ақ, үлкен өзгеріс, таңдаулар алып келеді. Ондай сәтте әркім өз шешімін қабылдайды. Бұндай қаламдардан соң қалыпты өмір бұрынғы арнасынан мүлдем ауытқып кететін кездері де болатыны жасырын емес.

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Шығыс Мақат мұнай дайындау және айдау цехының химиялық талдау лаборанты **Марал САРКИТОВАНЫҢ** отбасы – дәл осындай тағдыршешті таңдау жасаған жандардың қатарында.

Ембі өндірісінде ұзақ жылдар бойы қызмет етіп, еңбегінің зейнетін көрер шақ, құрметті еңбек демалысына таяп қалған **Марал Бағытқызы** – Доссор кентінің тумасы. Қарапайым, көп балалы отбасында дүниеге келген. Әкесі Бағыт Оразбаев пен анасы Әзипа Әуесқалиева – 11 перзент сүйген, ауыл-аймаққа сыйлы жандар-ды. Ауыл мектебін тәмамдаған соң арман қуып, жоғары оқу орнына барамын деген балаларының бетінен қаппай, батасын беріп отыратын. Қызы Марал да сол қолдаудың арқасында 1983 жылы көршілес Шевченко қаласына аттанады. Келген соң, кешкі оқуға орналасып, күндіз мұнай саласындағы мекемеде геологиялық сызба жасайтын маман ретінде жұмыс жасайды. Осылайша 4 жыл қатарынан уақытты босқа өткізбей, білім мен тәжірибені ұштастырады. Кейін химиялық талдау саласына қатысты жоғары оқу орнын тәмамдап, Ембі өндірісіне еңбекке араласты.

Уақыт өте келе, жүрегінің қалауымен ауылдасы, сыныптасы Жасұлан Саркитовпен шаңырақ көтеріп, үлкен өмірге қадам жасайды. Марал Бағытқызы үшін өндірістегі еңбек пен отбасы – өмірінің қос тірегі. Жылдар бойы вахталық жұмысқа барып, кәсіби міндетін адал атқарып келеді. Мұнай саласында еңбек ету – төзімділікті, жауапкершілікті талап етеді. Спорттық сайыстардың да бел ортасынан табылып, кәсіби шеберлік байқауларына да қатысушылар қатарынан табылды.

Кен алаңындағы зертханада өзінің қолтаңбасын қалыптастырған әріптесіміз Марал Саркитова – қара шаңырақтағы үлгілі келін. Отағасы Жасұлан Нұралыұлы да мұнай-газ саласынан алыс емес, осы бағыттағы кәсіпорындардың бірінде, вахталық ауысыммен қызмет атқарады. Ақ жаулықты аналары Ран Орынғалиқызы – отағасы өмірден ерте өтіп, бір өзі 6 баланы аяққа тұрғызған абзал жан. Оның тіке айтатын, талапшыл мінезі, шыншыл, әділдікті ғана жақтайтын тұрашылдығы, сөзін мақалап айтатын шешендігі, қонақжайлығы, көнеден сыр шертер шежіреші екені ауыл-аймаққа аян-ды. Соған сай, қолындағы бала-келіні де қара шаңырақтың түтінін түзу ұшырып, аналарының бабын тапты. Осынау ұлағатты, ізгі жанның батасын алып, 26 жыл бір шаңырақ астында тұрған, 4 перзенттің аяулы әкешесі Жасұлан Нұралыұлы мен Марал Бағытқызы – өмірде де, еңбекте де көпке үлгі.

Әрине, бұралаңсыз өмір жоқ. Осыдан біраз жыл бұрын олардың шаңырағына да қиындық түсті. Алдымен отағасының ағасы Масқар Нұралыұлы өмірден өтіп, жылдар өте жеңгесі Нағима Бисенғалиқызы



Үш қыздың үшеуі де өтпелі кезеңдегі жасөспірім еді. Әрқайсысының өз мінезі, өз күйзелісі, өз сағынышы болды. Оның үстіне Марал Бағытқызы вахталық әдіспен еңбек етеді. Жарты уақытын жұмыста өткізетін ана үшін балалардан жырақ жүру оңай емес. Дегенмен отбасының ауызбіршілігі көптеген қиындықты жеңуге көмектесті. Барлығы бірлесе жұмылып, қыздарға қамқорлық көрсетіп, олардың ешқашан жалғыз емес екенін сезіндірді.

Оның айтуынша, балаға ең алдымен материалдық жағдай емес, өзін қажет сезіну маңызды. Жылы сөз, түсіністік, бірге ішілген шай, қарапайым әңгіме – кейде адамның жан жарасын емдейтін ең үлкен күш осы.

– Отбасы болған соң, барлығы ортақ болады. Алғашында қиындықтарға кезіккеніміз де

дәстүр, ұстанымдарымыз. Осының бәрі біздің ол кезеңнен абыроймен өтуімізге көмегін тигізді, – дейді Марал Бағытқызы.

Рас, уақыт бәріне емші. Балаларын оқытып, қатарынан кем қалдырмауға талпынған ата-анасы ортақ мақсаттарына бірге ұмтылып, ертеңгі күнге үлкен үмітпен қадам басты. Отағасы жүрек сырқатына шалдығып, ота жасалып, жұмыстан қол үзіп қалған қиын кезеңдерді де отбасы бірлігінің арқасында артқа тастап, бар ауыртпалықты өткен шақта қалдырды.

Қазір уақыт бәрін өз орнына қойды. Кеше ғана тағдырдың сынағына тап болған үш қыз бүгінде бой жетті. Барлығы да жоғары оқу орнын тәмамдады. Ата-аналарының жол сілтеуімен баспана кезегіне тұрып, тиесілі пәтерлеріне де қол жеткізді. Қазір әрқайсысы өз өмір жолын тапқан. Үшеуі де – қияға

Нүрелімізгі жылы

балаларын бақытқа бөлеген мейірімді Марал



қонып, өз шаңырақтарының түтінін түтетіп отырған аяулы ана, келін.

– Бүгінде отағасы екеуіміз қара шаңырақты мекен етіп келеміз. Балаларымыздың барлығы аяқтанды. Ұлды ұяға, қыздарымызды қияға қондырған бақытты ата-анамыз. Құдандалы болып, немере-жиен сүйген ата-әжеміз. Қазақстанның әр қиырынан сағыныш сезімдерін айтып, күнделікті жаңалықтарын жеткізіп, 7 перзентіміз хабарласқан сәтте, төбеміз көкке жетеді, – дейді жүзі бал-бұл жанған Марал Бағытқызы.

Жылулық ескен, мейірім төккен қара шаңырақ – қазақ үшін қашан да аяулы ұғым. Бұл күнде ұрпақтары уақыт тауып, Доссордағы ата-анасына келуге асығып тұрады. Сағынысып қауышады, ақылдасады, демалыс кездерін бірге өткізуге тырысады.

Бұл оқиға – тек бір отбасының тарихы емес. Бұл – қазақ халқына тән бауырмалдықтың, туыстық жауапкершіліктің, үлкенге құрмет пен кішіге қамқорлықтың өмірдегі нақты көрінісі.

Мұнай-газ өндіру саласында ұзақ жыл еңбек етіп келе жатқан ембілік маман Марал Саркитова үшін ең үлкен марапат – кәсіби жетістіктер ғана емес, бүгінде өз жолын тапқан, бақытты өмір сүріп жатқан, өз тәрбиесін көрген, өз қанатынан нәр алған жеті бала-шағасының амандығы.

да бақилық болды. Олардың артында 18, 17 және 16 жастағы үш қыздары қалды. Жасөспірім шақ – адамның өміріндегі ең нәзік кезеңдердің бірі. Осындай уақытта балаларға ең алдымен керекті – мейірім мен сенімді тірек.

Сондай сәтте Жасұлан Саркитовтың отбасы бұл жағдайға бейжай қарай алмады. Бұл шешімді олар жалғыз қабылдаған жоқ. Ақ жаулықты аналары да, өздерінің

төрт баласы да бір ауыздан қолдау білдірді. Осылайша, бір шаңырақтың астында бәрі бір-біріне сүйеніп, үш қыздың тағдырына ортақ жауапкершілік алды.

– Баланың өзіңдікі, өзгенікі дегені болмайды. Әр перзент мейірім мен махаббатқа толы бақытты өмірге лайықты. Біз бұл шешімді ақылдаса отырып, жүрек қалауымызбен қабылдадық, – дейді М.Саркитова.

Әрине, бірден оңай болған жоқ.

жасырын емес. Екі бөлек тәрбие, оң-солын біліп қалған балалар. Мойнымызға үлкен жауапкершілікті алған соң, оны абыроймен алып шығуды отағасы екеуіміз мақсат еттік. Бір-ақ сәтте 7 баланың ата-анасы атану бізді шынайы түсті. Ортамыздың қолдауы, сүйікті ұжымымыздағы өзіміз қалаған жұмыс, отбасындағы қалыптасқан

ТҮЙІН:

Өмірде кейбір ерліктер көзге көрінбейді. Олар марапат мінберінде емес, бала тәрбиесінен, біреудің тағдырына жауапкершілік алудан көрінеді. Жасұлан Нұралыұлы мен Марал Бағытқызының өмірлік таңдауы – дәл сондай үнсіз ерлік. Ол адамгершіліктің ұранмен емес, іспен дәлелденетінін тағы бір мәрте көрсетеді.

Мұнайшы болу – тек жер асты байлығын өндіру емес, ол – елге, жерге, адамға деген сүйіспеншілік. Ал, 7 баланы мейірімге бөлеген осынау отбасы – шын мәніндегі бақыттың, бірлік пен адами асыл қасиеттердің айнасы.

Отбасы – кез-келген мемлекеттің негізі, рухани құндылықтар мен жылылықтың бастау бұлағы. Қыркүйек айында атап өтілетін Отбасы күніне орай өндірісте де өнімді еңбек етіп, шаңырағында да береке ұйытып отырған, жүрегінің кеңдігімен айналасына шуақ шашып жүрген ембілік маманның тағылымды өмірін жазудағы мақсатымыз да сол – өзгеге өнеге, жасқа ғибрат, отбасы ұғымының бағасы әркез биік болсын деген ұстаным. **ЕГ**



ТЕРЕҢ-ӨЗЕК-70

Биыл «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Терең-Өзек кен орнының игеріле бастағанына 70 жыл толып отыр. Бұл – бір ғана өндірістік нысанның мерейтойы емес, қазақ мұнайының шежіресінде өзіндік орны бар кеніштің өткені мен бүгінін саралайтын, оны өркендетуге үлес қосқан мұнайшылар еңбегін де айрықша атайтын айтулы кезең.

Өткен ғасырдың ортасында жүргізілген геологиялық барлау жұмыстары Ембі өңірінің жер қойнауында мол көмірсутек қоры бар екенін дәлелдеді. Сол кезеңде ашылған кен орындарының қатарында Терең-Өзек те болды. Геологтардың қажырлы еңбегінің нәтижесінде анықталған кен орны кейін өндірістік игеруге беріліп, өңірдің мұнай өндірісін дамытуға үлес қоса бастады.

Кен орнын игерудің алғашқы жылдары оңай болған жоқ. Сол кездегі техникалық мүмкіндіктердің шектеулігіне қарамастан мұнайшылар табиғаттың қатал жағдайына төтеп беріп, өндірістің негізін қалады. Алғашқы ұңғымаларды бұрғылау, өндірістік инфрақұрылымды қалыптастыру, мұнайды жинау мен тасымалдау жүйелерін құру – бәрі де үлкен еңбек пен табандылықты талап етті.

Жетпіс жыл – кеніш тарихындағы тұтас бір дәуір. Осы жылдар ішінде өндіріс талай қиындықты еңсеріп, талай жаңғыру кезеңін бастан өткерді. Уақыт өткен сайын өндіріс технологиялары да жетілдірілді. Кен орнында жаңа жабдықтар енгізіліп, өндірістік үдерістер кезең-кезеңімен жаңғыртылды. Автоматтандыру элементтері қолданылып, еңбек қауіпсіздігі мен экологиялық талаптарға басымдық берілді.

Бүгінде Терең-Өзек кен орны өзінің өндірістік маңызын сақтап қана қоймай, заманауи технологияларды енгізу арқылы тиімді жұмысын жалғастырып келеді. Бұл кеніштің әлеуеті әлі де жоғары екенін көрсетеді.

Аталған кен алаңы – тек мұнай өндіретін өндірістік нысан ғана емес, Жылыой өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына да ықпал етуші. Адамдар жұмыспен қамтылып, инфрақұрылымның дамуына, әлеуметтік жобалардың жүзеге асуына мүмкіндік жасалды.

Кеніште еңбек еткен азаматтардың арасында өндіріс озаттары, салалық марапат иелері, мұнай өнеркәсібінің ардагерлері аз емес. Олардың еңбегі өңір тарихының ажырамас бөлігі болып саналады.

Терең-Өзек көптеген тәжірибелі мұнайшы мамандардың кәсіби шыңдалу алаңына айналды. Мұнда еңбек еткен бірнеше буын өкілдері өндірістік мәдениетті қалыптастырып, кейінгі жастарға мол тәжірибе қалдырды.

Кеніштің даму тарихы – еңбек адамдарының тарихы. Ұңғыма операторлары, бұрғышылар, жөндеу қызметкерлері, инженер-техник мамандар мен өндірісті ұйымдастырушылардың бәрі де кен орнының қалыптасуы мен дамуына өзіндік үлесін қосты. Сондықтан, Терең-Өзек тарихын адамдар тағдырынан бөліп қарау мүмкін емес.

Кен орнының кешегісі мен бүгінін салыстыра отырып, оның даму жолын осы кеніште ұзақ жылдар бойы еңбек еткен мамандардың естеліктері арқылы бағамдауға болады.

Солардың бірі – жоғары санатты геолог Гүлшат Түлкібаева (жоғарыдағы 1-суретте). Құлсары поселкесінде мұнайшылар отбасында дүниеге келген, ол жастайынан ата-анасының жолын қуып, мұнайшы болуды армандайды. Сол мақсатпен «Тау-кен инженері» мамандығына оқып, диплом алған соң «Кұлсарымұнайгаз» мекемесіне қарасты Қаратон мұнай өндіру цехында зерттеу бригадасының операторы болып, өндірістегі алғашқы еңбек жолын бастаған Гүлшат Сұлтанғалиқызы 1990-шы жылы осы Қаратон цехына 2-ші санатты геолог болып тағайындалып, жер қойнауының, мұнай қабатының құпиясын, қыр-сырын меңгеріп, өндірісте тәжірибе

жинап, шыңдалды. Кейін, 1996-шы жылы Терең-Өзек мұнай өндіру цехына геолог болып ауысады. Ал, 1997-ші жылы Қаратон және Терең-Өзек мұнай өндіру цехтарын біріктіріп, Терең-Өзек



ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ТАРИХ



тәулігіне 1700 тонна мұнай беріп тұрды. Жалпы, кен алаңы пайдалануға берілген кезден 2000-шы жылға дейін Каспий теңізі өндіріске тиіп тұрды. Теңізден жел соққанда, су құрсауында қалатынбыз. Соның салдарынан қабатқа су айдау да, мұнай өндіру де оңайға соққан жоқ. Мұнайшылар қысы-жазы белшеден балшық кешіп жүріп жұмыс жасады. Біздің цехтағы ең күрделі жағдайдың бірі – сонау 1953-ші жылдардан бастап қазылған ескі ұңғылар қоры. Яғни, әрбір ұңғының тарихы мен құрылысын зерделеп отырып, аса сақтықпен жұмыс жасау қажет. Соның ішіндегі үлкен мәселе –

ұңғы колонналарының ескілігінен, ұңғы сыртында пайда болатын су көздерімен күрес. Қабат қысымын қолдау бағытында арнайы су айдау қорына жаңа ұңғылар және мұнай өндіру қорына да ұңғылар қазылды».

Г.Түлкібаева мұнай өндіру қарқынын бір қалыпты ұстау мақсатында үнемі әртүрлі геологиялық, техникалық шаралар жүргізіліп, ұңғыларды күрделі жөндеу жолында ізденістер мен ұсыныстар жасалып отырғанын атап өтті. Осы уақыт ішінде Ш.Нигматуллин, М.Көптілеуов, А.Өміров, Т.Боқыбаев, А.Сахиев, А.Әжіғалиева, С.Ысықбаева, Д.Жұмағалиева, К.Құсединова, С.Оңдашев, Б.Жақсыбаева сынды мамандықтарын жетік меңгерген еңбек майданының майталман геологтарымен үзегілес қызмет атқару бағытына ие болғанын мақтанышпен айтады.

Тәжірибелі маманның айтуынша, уақыт өте келе кеніштің табиғи ортасы да, өндірістік инфрақұрылымы да өзгерген. Бұрын теңіз жағасына жақын орналасқан аумақ бүгінде мүлде басқа сипатқа ие.

– Соңғы жылдары кен орнында ауқымды жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Өндірістік желілер жаңартылып, ескірген инфрақұрылым кезең-кезеңімен заманауи талаптарға сәйкестендірілді. Бұрынғы ескі ғимараттар мен операторлық бөлмелердің орнына жаңартылған нысандар пайдалануға берілді. Сонымен қатар өндірісті автоматтандыру бағытындағы жұмыстар жалғасуда. Бүгінде кен орнында автоматтандырылған топтық өлшеу қондырғылары (АГЗУ) орнатылып жатыр. Бұл технологиялар өндірістік көрсеткіштерді бақылауды жеңілдетіп, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді, – дейді ол.

Жетпіс жылдық тарих – өндірістің ғана емес, адамдар тағдырының тарихы. Осы кеніште ұзақ жылдар бойы еңбек еткен мамандардың тәжірибесі мен еңбегі бүгінгі жетістіктердің негізіне айналды. Солардың қатарындағы Гүлшат Түлкібаева биыл зейнеткерлік демалысқа шығуға дайындалып жүр.

– Терең-Өзекте өткен еңбек жолым – өмірімнің маңызды кезеңі. Осы жылдар ішінде кеніштің талай өзгерісіне куә болдым. Бүгінгі жаңарған өндірісті көріп, еңбегіміздің ая кетпегеніне қуанамын, – дейді ол.

Терең-Өзек кен орны бүгінде қалыптасқан өндірістік дәстүр мен заманауи технологияны ұштастыра отырып, дамудың жаңа кезеңіне қадам басып келеді. Ал оның тарихы – қазақ мұнайының шежіресіндегі еңбек пен табандылықтың жарқын үлгілерінің бірі.

Жетпіс жыл – тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен, өндіріс үшін тұтас бір дәуір. Бірнеше буын мұнайшының кәсіби мектебіне айналған кеніштің даңқты жолын жаңа буын мамандары жалғастырып келеді. Олар аға буын қалыптастырған еңбек дәстүрін сақтай отырып, өндірісті жаңа деңгейге көтеруге күш салауда.

Бұл мерейтой – өткенге тағзым, бүгінгі еңбекке құрмет және болашаққа деген сенімнің белгісі. Тарихы терең кеніштің шежіресі әлі талай жылдар бойы қазақ мұнайының дамуына қызмет ете беретіні сөзсіз.

Суреттер редакция мұрағатынан



САУЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

КЕН АЛАҢДАРЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САБАҒЫ

жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алуға арналды



«Ембімұнайгаз» АҚ ұстанымдарына сай, басты құндылық – адам, оның өмірі мен денсаулығы. Кәсіпорын жұмыс процесінің барлық сатысын осы қағидатқа негіздейді. Әсіресе, қызметкерлер үшін жайлы жағдай жасау, әлеуметтік ахуалды жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. Мәселен, биылғы сәуір айында бекітілген персоналдың денсаулығына мониторинг жүргізу және оны сауықтыру шараларын іске қосу бағдарламасы – сол игі қадамдардың бірі.



Аурудың алдын алу – қашан да маңызды. Жүрек-қан тамырлары сырқаттарының салдарымен күрескенше, сау болудың сырын білуге ұмтылған пайдалырақ. Осындай мақсатты ұстанған Компания қызметкерлердің денсаулығын сақтау, нығайтуға бағытталған арнайы іс-шаралар жоспарына сәйкес, сала маманының қатысуымен кездесулер ұйымдастырды. Астана қаласынан арнайы шақырылған лектор – дәрігер Руслан Жампозов кәсіпорынға қарасты барлық өндірістік-құрылымдық бөлімшелерде болып, ақпарат берумен қатар, кәсіби маман ретінде ембіліктердің сауалдарына жауаптар ұсынды.

Кездесулер барысында жүрек-қан тамырлары ауруларының

дамуына ықпал ететін негізгі қауіп факторлары қандай, олардың қалай алдын алуға болады деген сауалдар сараланды. Медицина саласының маманы артериялық қан қысымын жүйелі түрде бақылап отырудың, холестерин деңгейін төмендетудің, дұрыс тамақтанудың, дене белсенділігінің, темекі шегуден бас тартудың, дәрігер тағайындаған дәрілік препараттарды үздіксіз қабылдаудың өзектілігі жөнінде кеңінен түсіндіріп өтті. Сондай-ақ инфаркт пен инсульт белгілерін ерте анықтаудың және шұғыл медициналық көмекке уақытылы жүгіну қажеттілігінің маңыздылығы туралы да нақты мысалдар негізінде баяндады.

Компанияның Орталық басқару аппараты мен «Ембімұнайэнерго», «Өндірістік-техникалық қамту және

жабдықтармен комплектациялау» басқармалары қызметкерлерінің қатысуымен ұйымдастырылған іс-шара барлық басқармаларда жалғасын тапты. «Жайықмұнайгаз» басқармасының С.Балғымбаев, «Жылыоймұнайгаз» басқармасының Прорва, «Қайнармұнайгаз» басқармасының Кенбай және «Доссормұнайгаз» басқармасының Шығыс Мақат кен алаңдарында ұйымдастырылған кездесулер ембіліктердің зор қызығушылығын тудырды.

Мұнайшылар өздерін толғандырған сұрақтарға толыққанды жауап алып, күнделікті өмірде қолдануға болатын қажетті ақпараттармен танысты.

Салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат тұтқан ашық форматтағы кездесу соңында қатысушылар дәрісті өткізген дәрігер Руслан Жампозов пен шараны ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Айта кетейік, өндіріс алаңдарында ұйымдастырылған кездесулерге 700 ембілік қатысты. Ал, өткізілген іс-шара туралы жүргізілген арнайы сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, анкета толтырған 554 қызметкердің 96%-ы бұл лекцияның өте қажетті әрі пайдалы екенін атады. Сондай-ақ, 90 пайызы – жаңа ақпараттар алғанын, 94 %-ы тақырыптың түсінікті тілде талқыланығанын және 95 %-ы – лекциядағы дәрігер тарапынан айтылған ақыл-кеңестерді күнделікті қолданатынын жеткізген.

Бұған қоса, анкета толтыру барысында қызметкерлер ұсынысын білдіруге де мүмкіндік берілді. Соған сай, төмендегідей пікірлер топтамасы жасакталды:

* Мұндай дәрістерді жиірек өткізу;
* Бауыр аурулары бойынша дәрігерлерді шақыру;



* Дәрісте айтылған салауатты тамақтану ұсынымдарын ескере отырып, асхана мәзірін қайта қарау;
* Ай сайын денсаулыққа қатысты түрлі тақырыптарда дәрістер өткізіп тұру;
* Эндокринолог, ревматолог сияқты маман-дәрігерлерді шақыру;
* Асқазан-ішек жолдары (АІЖ) аурулары, қант диабеті және онкологиялық аурулар бойынша

дәрістер ұйымдастыру;
* Коронавирус инфекциясының салдары мен оның денсаулыққа әсері туралы дәріс өткізу.
Аталған іс-шараға жауапты Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті мамандары денсаулық тақырыбын терең талдайтын кездесулердің алдағы уақытта жоспарланып тұрғанын жеткізді. **ЕТ**

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2026 жылғы 24 сәуірде №КЗ03VPY00147512 куәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Идрисов – Басқарма төрағасы қызметінің жетекшісі;

Н.Есмағамбетов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

М.Куримов – Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Г.Кулетова – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!

Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ

Instagram - @embamunaigas.kz

TikTok - @embamunaigas

Facebook - Ембілік Мұнайшы

You tube – «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.